

*Ж.М. ТӨЛЕБАЕВА*

Сүлейман Демирель атындағы университет

Халықаралық қатынас кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

**МЫРЗА ҰЛЫҚБЕКТИҢ «УЛУС-И АРБА-ЙИ ЧИНГИЗИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ  
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ**

**Аннотация**

Мырза Ұлықбектің «Улус-и арба-йи Чингизи» шығармасы – түркі халықтарының этникалық тарихының құнды деректерінің бірі. Орталық Азияны мекендеуші халықтардың шығу-тегінің құрамы туралы, баяндалып отырған рулардың орналасуы мен ролі туралы мәліметтердің құндылығын ерекше атап өту қажет. Аталған мәліметтер түркі халқының қалыптасу тарихы және этногенез мәселелерін зерттеу үшін таптырмайтын құнды дерек. Мысалы, шығармада басқа авторлардың шығармаларында кездеспейтін түркі ру-тайпаларының атаулары кездеседі. Дереккөздегі Мәуеренахр мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірінде жетекші рөл атқарған тайпалар туралы мәліметтер өте құнды.

**Кілт сөздер:** шығарма, түркі халықтары, этникалық тарих, өмір, аударма, ұрпақ, ақсүйек.

**Ключевые слова:** сочинение, тюркские народы, этническая история, жизнь, перевод, поколение, аристократ.

**Keywords:** composition, turkic people, are этникческая история, life, translation, generation, aristocrat.

Мырза Ұлықбектің «Тарих-и арба улус» («Төрт ұлыстың тарихы») шығармасы толық көлемде сақталмаған, ал бүгінгі күні аталған еңбектің «Улус-и арба-йи Чингизи» («Ақсүйектердің төрт ұлысы») деген атаумен қысқартылған нұсқасының төрт тізімі белгілі. Шығарманың екі тізімі Англияда, бір тізімі Үндістанда және біреуі АҚШ-та сақтаулы тұр [1].

1838 жылы полковник Вильям Майлс Лондонда «Улус-и арба-йи Чингизидің» ағылшын тіліндегі аудармасын шығарды. Автор аударманың алғы сөзінде: «Бұл жұмыстың негізгі еңбегі болып ол Шыңғысхан және оның ұрпақтарының өмірі мен жаулап алуының тарихын егжей-тегжейлі беруінде» деп жазады [2]. Сондай-ақ лондондық

басылымда ақсүйектердің тарихы бойынша көптеген маңызды мәліметтер берілмей қалған немесе дұрыс жеткізілмеген қалғанын айту керек, мәселен, В.В. Бартольдтың пікірі бойынша, «Бұл кітаптың полковник Майлс жасаған ағылшынша аудармасы қанағаттанарлық деп айтуға келмейді» [3].

Вильям Майлс Саин ханның билік жүргізуі туралы еске түсіргенде авторлардың сөзі негізінде: «ең анық шежірелерде жазылғандай, оның шығу тегі барлығына белгілі Жошы ханнан тарайды. Алайда «Шаджарат ал-атрак» *таңдамасын* бойына жинақтанған бұл жылнамада оның [өміріне] жағдайына көңіл бөлінбеген. Бірақ ол біздің есімізде сансыз адамгершілігімен ұлы билеуші ретінде есте қалды» [4, б.121а], - деген шешімге келді. Аталған шығарма «Шаджарат ал-атрактың» дәл өзі еді. Алайда шығарманың қысқартылған нұсқасын құрастырушы өзінің еңбегін аяқтай келе: - «Бұл қолжазба – «Улус-и арба-йи Чингизи» және Түрік хан әулиеті билеушілерінің есімдері аттары аталған, Йафастың ұлының, Нұхтың ұлының – жандары жайлы болсын!, - осы трактатта келтірілген Түркістан замин қағандарының есімдері Сұлтан ас-Саид Ұлықбек Мирза-йи азат шегуші (шахид) құрастырған жинақтан алынған, - Аллаһ оның қабірін нұрландырсын! - төрт ұлыстың қағандары туралы», - деп жазады [4, б.182а].

Майлстың аудармасы басылып шығарылғаннан кейін көптеген шығыстанушылар шығарманың толық мәтінінің тізімін табуға талпыныс жасайды. Осылайша 1851 жылы 14 қыркүйекте белгілі француз тарихшысы Шарль Шеффер Стамбұлдан Шарль Дефремериге жазған хатында былай дейді: «Сіз маған «Тарих-и арба улус» Ұлықбек туралы айтқан едіңіз. Оның бір данасы Сұлтан Мехмед Фатиха кітапханасында болған екен. Өкінішке орай ол том жоғалып кетіпті. Алайда оны Әулие Софии немесе Нури-Османиеден басқа данасын іздеуге тура келеді. Біздің достарымыздың бірі Ахмед-эфенди оны сонда көріпті. Ол кітаптың алғы сөзі шағатай-түрік, ал кітаптың өзі парсы тілінде...» [5, 591]. Алайда осы немесе басқа да ғалымдардың жасаған талпыныстары нәтиже бермеді.

1941 жылы атақты «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағының» екінші томы шықты. Оны В.Г. Тизенгаузен жинап және А.А. Ромаскевич, С.Л. Волиннің өңдеп, парсы тілдес авторлардың шығармаларынан үзінділер кіргізді. XIII нөмірлі аталған жинаққа «Түріктердің ата-тегі» анонимді шығармасынан» Жошы ұлысының билеушілеріне арналған «Улус-и арба-йи Чингизи» бөлімінің қатты қысқартылған аудармасынан үзінділер енгізіледі [6].

1994 жылы Ташкентте «Улус-и арба-йи Чингизи» өзбек тілінде Б.А. Ахмедов алғы сөз жазуымен жарық көреді. Аталған кітап, аударған авторлардың пікірі бойынша, «әдеби-көркемдік басылым» болып табылады [7].

«Улус-и арба-йи Чингизи» шығармасының авторы Мырза Ұлықбек – XV ғасырдың ұлы ғалымы және ірі мемлекет қайраткері және ол Әмір Темірдің немересі болып келеді. Оның шын есімі Мұхаммед Тарағай. 1394 жылы 22 наурызда Әмір Темірдің Ирак пен Әзірбайжанға қарсы бесжылдық әскери жорығы кезінде Султанияда дүниеге келді. Мырза Ұлықбек Шахрухтың тұңғыш ұлы, ал оның анасы Гауһаршад-аға әйгілі қыпшақ әмірі Гийас тарханның қызы. Әмір Темірдің сарайының дәстүрі бойынша, ол Темірдің үлкен әйелі Сараймулктің тәрбиесіне беріледі. 1395 жылы Әмір Темір немересін Самарқандқа жібереді. 1398 жылы белгілі ғалым және ақын Ариф Азари (1382-1462) Ұлықбектің

мұғалімі болып тағайындалады. Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін (1405 ж. 18 ақпан) Мәуеренахрдың тағын күшпен оның немересі Халил Сұлтан басып алады. Ол кезде Мырза Ұлықбек Гератқа өзінің әкесі Шахрухтың (1409-1447) қол астына қашып барады. 1409 жылы Шахрух Халил Сұлтанды тақтан аластатып сол жылдың аяғына қарай өзінің ұлы Ұлықбекті Мәуеренахр мен Түркістанның билеушісі етіп қояды, Ұлықбек ол жерлерді өзінің қайғылы қазасына дейін, яғни 1449 жылдың 25 қазанына дейін басқарады.

«Тарих-и арба улус» шығармасы көптеген тарихи еңбектерді жазуға дерек болды. Хондамир (Қожа Гийас ад-Дин Мұхаммед, Қожа Хумам ад-Дин Мұхаммедтің ұлы) өзінің «Хуласат ал-ахбар фи байан ал-ахвал ал-ахйар» және «Хабаб ас-сийар фи ахраб афрад ал-башар» еңбектерінде осы деректі кең көлемде пайдаланған. Біріншідегі тоғызыншы мақаламен және бірінші бөлімде Хондамирдің екінші шығармасында үшінші жүзден Түркістанның хандарына, Шыңғысханға әсіресе Шағатай ұлысын билеуші оның әуетіне арналған бөлімі түгелдей Мырза Ұлықбектің шығармаларына негізделген. Шараф ад-дин Әли Йазидің «Мукаддима-йи Зафар-наме» шығармасының «Тарих-и арба улустың» жоспары мен мазмұны бірдей. «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» – алтыншы томның бірінші бөлімінде (рукн) Моңғолия империясының тарихы туралы және оның құлауынан кейінгі мемлекеттердің құрылуын баяндауы да құрылымы мен мазмұны жағынан Мырза Ұлықбектің еңбегімен сайма-сай сәйкес келеді [8].

Академик Б.А. Ахмедовтың пікірі бойынша, «Тарих-и арба улус» шығармасы Мырза Ұлықбектің жетекшілігімен және тікелей қатысуымен 1425 жылы жазылған [8, 30]. Шығарманың құрылымы туралы айтқанда, бірінші кезекте, автор өзінің шығармасын белгілі бір тараулар мен бөлімдерге бөлмегенін айту керек. Б.А. Ахмедов деректі өзінің алғашқы және үстірт зерттеуінде әңгіме төрт ұлыс жайында болғандықтан, оны шартты түрде төрт бөлікке бөліп қарастырған. Алайда, кешірек, ол шығарманы төрт бөлікке емес, шартты түрде кіріспе мен жеті тарауға бөлген дұрыс болады деген қорытындыға келеді [7, 8-12].

«Улус-и арба-йи Чингизидің» кіріспесінде Адам, исламға дейінгі пайғамбарлар, Нұх пайғамбар және оның балалары туралы қысқаша тарих баяндалады. Бірінші тарау Түрк ханға, Йафастың ұлы мен Түркістанды билеген оның әулиетіне, татар-моңғол және түркі тайпаларының тарихына арналған. Екінші тарауда аты аңызға айналған түркі-моңғол халықтарының арғы анасы Аланкуве және оның ұрпақтары туралы мәліметтер берілген. Үшінші тарау - Шыңғыс ханның тарихы. Төртінші тарау – Улуг Юртені билеген Шыңғыс ханның 21 ұрпағына арналған. Бесінші тарау – Дешті Қыпшақты билеген және Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның ұрпақтары болып табылатын 39 ханға арналған. Алтыншы тарау – Ильханид - 16 ханның тарихы. Жетінші тарау – Шағатай ұлысының 33 билеушісінің тарихы.

«Улус-и арба-йи Чингизи» шығармасы түркі халықтарының этникалық тарихын зерттеудегі ең бір маңызды деректердің бірі болып табылады. Бірінші тарауда жалайыр, татар, меркіт, курлаут, ойрат, булагачин, төлеңгіт және тағы басқа түркі тайпалары туралы құнды деректер берілген.

Шығармадағы Орталық Азияны мекендеуші халықтардың шығу-тегінің құрамы туралы, баяндалып отырған рулардың орналасуы мен рөлі туралы айтылған мәліметтерді

ерекше атап өту керек. Аталған мәліметтер этногенез және түркі халықтарының қалыптасу тарихын зерттеу мәселелерімен айналысқанда аса қажет болады. Мәселен, шығармада басқа авторлардың шығармаларында кездеспейтін түркі тайпалары мен руларының аттары келтіріледі. Мәуеренахр мен Түркістанның қоғамдық-саяси өміріндегі бірқатар тайпалардың жетекші рөлі туралы мәліметтер де құнды болып саналады.

Мырза Ұлықбек еңбегінде этнографиялық сипаттағы көптеген мәліметтер бар: жоғары мәртебелі адамдарға сыйлықтар тарту тәртібі, әдет-ғұрыптар мен тіл туралы, кейбір исламға дейінгі нанымдардың өмір сүруі, шаруашылық қызметі, тұрмыс және тағы басқа. «Улус-и арба-йи Чингизидегі» ең бір айтарлықтай маңызды мәліметтердің біріне Шыңғыс ханның ақ нышандары туралы атап айтқанда, тоғыз саты, құрылтай мен қабылдау рәсімдерінің өткізілу тәртібі, түркі әскерлерінің құрылымы, ұлыстардың орналысуы сияқты деректердегі мәліметтерді жатқызуға болады. Деректің бай фактологиялық материалы этногенез мәселесі мен Орталық Азия түркі халықтарының қалыптасуын ашуда зерттеушілерге үлкен көмек болады.

Бесінші тарауда Өзбек ханның билеуі туралы еске алғанда XIV-XV ғасырларда Дешті Қыпшақтағы болған күрделі этносаяси үдерістерді түсінуге көмектесетін маңызды мәліметтер келтіріледі. 1320 жылы Өзбек хан ислам дінін қабылдап, мұсылманша Мұхаммед есімін қабылдап өзін Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан атағаны белгілі, ал ислам Жошы ұлысының ресми діні болған. Бұл жерде байқағап отырғанымыздай «Улус-и арба-йи Чингизиде» келтірілген дәлелдер бойынша Дешті Қыпшақтағы исламды тарату үдерісі сонау Батый хан мен Берке ханның тұсында басталғанын аңғаруға болады.

«Улус-и арба-йи Чингизи» шығармасында «сол мемлекеттерде болған ұлыстың адамдарының көптеген бөлігі ислам дінін қабылдады... Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан өзінің халқымен бірге құдай берген тамаша бақыт пен кемелденуге қол жеткізді, мазмұнды құдайшыл құпиямен Саййид-Ата жөн сілтеуімен және құдайдың көмегімен олардың барлығын Мәуеренахрға алып келді. Қасиетті Саййид-Атаны тыңдаудан бас тартып», - Аллаһ оларға қайырымды және қанағаттанған болсын! – және де бұл бақыттан қалыс қалғандар сонда қалып олар *қалмақтар* деп аталды, бұл сөздің мағынасы «қалғандар» деген мағына береді. Киелі Саййид-Ата – Аллаһ оларға қайырымды және қанағаттанған болсын! – деп Сұлтан Мұхаммед Өзбек ханмен бірге келген адамдардан сұрады: «Бұл келгендер кімдер?». Олардың басшысы және патшасы Өзбек хан болғандықтан оларды өзбек деп атады. Сол себептен сол уақыттан бастап [Өзбек ханның] ертіп келген адамдарын *өзбектер* деп атай бастады. Ал қалған адамдар *қалмақтар* болды. [Олар] Түркістан жеріне келгенде бұрынғы түріктер осы берекелі өлкеде тұрған өздерінің жақындығынан олар Өзбек ұлысына қосылды» [4, б.122а].

Жоғарыда келтірілген үзіндіден ұзақ уақыт бойы көптеген тарихшылар дауласқан *өзбек* этнонимі Өзбек ханнан шыққанын көреміз [9, 11-17]. Аталған мәліметтер сонымен қатар қазақтың тамаша ақыны, ойшыл және тарихты жетік білгір Шәкәрім Құдайбердіұлы Жошының ұлы Орда Ежен барлық қалмақ хандарының атасы болып табылады деген болжамының жанама дәлелі болып табылады [10, 95].

«Улус-и арба-йи Чингизиде» көшпенділер әскерлерінің сол және оң қанатты құрамы туралы маңызды мәліметтер жазылған. Мысалы, «Абулчихан» бөлімінде ұлыстардың оң және сол қанатқа бөлінуі туралы айтылады. Оң қанаттың адамдарын ол унгар деп, ал сол

қанаттың адамдарын – ждавангар деп атаған. Және де сол бұйрыққа сәйкес оң қанаттың адамдары сол қанаттың адамдары орналасқан аумаққа бармайтын болған, ал сол қанаттың адамдары да сол тәртіпті ұстанған [4, б.15а].

Оғыз ханның тұсында барлық тайпалар мен әскерлері біріктіріліп, олар жеті бөлікке бөлінді. Бірінші бөлік – булджунгар немесе қарауыл, екінші бөлік – бурунгар немесе манглай, үшінші бөлік – ұнғар немесе ункол, төртінші бөлік – джавангар, бесінші бөлік – гүл, алтыншы бөлік – анрагүл, жетінші – бостанғар деп аталды. «Улус-и арба-йи Чингизиде» олардың қызметтері, бағытталуы және олардың моңғол, араб және түркі тілдерінде аталуы баяндалады [4, б.196].

Бірінші тарауда осман сұлтандары династиясының негізін қалаушы – Осман хан (Осман I) мен оның ата-бабаларының есімдері тізіліп жазылады. Осы шежіреге сәйкес ол Оғыз ханның он бесінші тікелей ұрпағы болып табылады [4, б.256].

Шығармада тайпалардың аттарына немесе әртүрлі терминдер бойынша өзіне ғана тән мәліметтер кездесетінін ерекше атап өткен жөн. Мәселен, «туманның екі түрлі мағанасы бар: біріншісі – 18 мың бір туманды білдіреді, бұл моңғол тұманы, оны түркі тілінде «со» деп атайды. Егер елу дананы [бір нәрсені] бір туман деп атаса, онда бұл туман сөзі түркі тілінде «гарлабай» деп аталады» [4, б.1116].

Мырза Ұлықбек ұлыстардағы бірқатар тайпалардың саяси жағдайынан деректер береді, сонымен қатар бір кездері біртұтас әрі басым болған тайпалық бірлестіктердің құлдырауына соқтырған жағдайлар туралы мәліметтер келтірген.

## ӘДЕБИЕТ

1 Стори Ч.А. Персидская литература. Био-библиографический обзор. В трех частях. Перевод с английского, переработал и дополнил Ю.Э. Брегель. М., 1972. Часть II. С. 777-779.

2 The Shajrat ul-Atrak, or Genealogical tree of the Turks and Tatars. Translated and abridged by Col. Miles. London, 1838, p.VIII.

3 Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., Т. I, М., 1963. 106 с.

4 Mirza Ulugbek. Ulus-i arba'-yi Genghisi. British Library, Add. 26190.

5 Extrait d'une lettre de M. Ch. Schefer à M. Defrémery // Journal Asiatique, Quatrieme Serie, Tome XVII, Paris, 1851.

6 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений, собранные В. Г. Тизенгаузенем и обработанные А. А. Ромаскевичем и С. Л. Волиным. М.-Л., 1941.

7 Улуғбек Мирзо. Тұрт улус тарихи. Тошкент, 1994.

8 Ахмедов Б.А. Улугбек и его исторический труд «Тарих-и арба' улус» // Из истории науки эпохи Улугбека. Ташкент, 1979. С. 29–36.

9 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М., 1965.

10 Шакарим Кудайберды-улы. Родословная тюрков, казахов, киргизов. Династии ханов. Алма-Ата, 1990.

## REFERENCES

1 Stori Ch.A. Persidskaja literatura. Bio-bibliograficheskiy obzor. V treh chastjah. Perevod s anglijskogo, pererabotal i dopolnil Ju.Je. Bregel'. M., 1972. Chast' II, s. 777-779.

2 The Shajrat ul-Atrak, or Genealogical tree of the Turks and Tatars. Translated and abridged by Col. Miles. London, 1838, p.VIII.

3 Bartol'd V.V. Turkestan v jepohu mongol'skogo nashestvija. Soch., T. I, M., 1963, s. 106.

4 Mirza Ulugbek. Ulus-i arba'-yi Genghisi. British Library, Add. 26190.

5 Extrait d'une lettre de M. Ch. Schefer à M. Defrémery // Journal Asiatique, Quatrieme Serie, Tome XVII, Paris, 1851.

6 Tizengauzen V.G. Sbornik materialov, odnosjawihsja k istorii Zolotoj Ordy. T. II. Izvlechenija iz persidskih sochinenij, sobrannye V. G. Tizengauzenom i obrabotannye A. A. Romaskevichem i S. L. Volinym. M.-L., 1941.

7 Ulugbek, Mirzo. Turt ulus tarihi. Toshkent, 1994.

8 Ahmedov B.A. Ulugbek i ego istoricheskij trud «Tarih-i arba' ulus» // Iz istorii nauki jepohi Ulugbeka. Tashkent, 1979, s. 29 – 36.

9 Ahmedov B.A. Gosudarstvo kochevyh uzbekov. M., 1965.

10 Shakarim Kudajberdy-uly. Rodoslovnaja tjurkov, kazahov, kirgizov. Dinastii hanov. Alma-Ata, 1990.

## Резюме

**Тулибаева Жулдыз Мусаевна**

**Этническая история тюркских народов в «Улус-и Арба–йи Чингизи» Мирзы Улугбека**

Сочинение Мирзы Улугбека «Тарих-и арба' улус» («История четырех улусов») один из ценных источников для изучения этнической истории тюркских народов. Следует особо отметить те сведения сочинения, где содержатся данные о родоплеменном составе народов, о расселении и роли описываемых родов, населявших Центральную Азию. Данные сведения весьма необходимы при разработке вопросов этногенеза и изучении истории формирования тюркских народов. Так, например, в сочинении приводятся названия тюркских племен и родов, не встречающиеся в сочинениях других авторов. Ценны сведения источника о ведущей роли ряда племен в общественно-политической жизни Мавераннахра и Туркестана.

## **Summary**

**Tulibayeva Zhuldyz**

### **Ethnic History of the Turkic People in the “Ulus-I Arba’-yi Genghisi” of Mirza Ulugbek**

Mirza Ulugbek’s work is one of the most important resources for studying the ethnic history of the Turkic peoples. This work has information on tribal structures, the settlement and role of the various generations in history, which lived in Central Asia. The work is unique in that it names each Turkic tribe and generation, which is not mentioned in other works. Furthermore, it contains invaluable information on the leading political role of a number of tribes in Mawarannahr and Turkestan.

*Поступила 18.01.2013 г.*